



Қорқыт ата-
дидактикалық
мазмұндағы
мұралар иесі

«Қорқыт ата» кітабы («Кибат-и дәдем Коркут ғали лисан таифа оғузан) – қаһармандық эпос үлгісі, оғыз-қыпшақ дәуірінің жазба мұрасы.

Түркі тектес халықтардың ежелгі тарихын, байырғы тұрмысын, салт-санасын, ақындық дәстүрін танытатын эпикалық әрі тарихи мұра.




Қорқыт ата хикаясы – VII-VIII ғасырларда Сырдария бойын мекендеген оғыз-қыпшақ тайпалары арасында туып, сан ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа тараған, рухани қазына ретінде бүгінгі күнге дейін өзінің әдеби, тарихи, этнографиялық т.б.мәнін жоймаған, аса көркем туынды [2, 116].




**Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата,
Бата алған барлық бақсы асқан ата.
Таңғалып жұрттың бәрі тұрады екен,
Қобызбен Қорқыт ата күй тартқанда
[1,116].**

«Қорқыт – тарихи дәуірлерде сырдария өлкесін қоныс еткен оғыз-қыпшақ тайпаларының ортасынан шыққан данышпан қария, ақылшы батагөй, асқан ақын, болашақты болжап сөйлеген кісі болған. Ол кісі туралы айтылған қария сөз Азиядағы түркі тілдес елдердің көбінде бар. Бірақ қазақ халқы ескі оғыз-қыпшақ тайпаларының тарихи қонысына мирас болған, олардың түбегейлі ұрпағы болғандықтан, Қорқыт туралы айтылатын тарихи жырлар, аңыз-легендалар, ән-күйлер қазақ пен түркімендерде көбірек жолығады»



Қорқыттың өліммен күресі

Мазмұны жағынан сан қилы болып келетін аңыздардың бірін де Қорқыт ата ажалдан қашып, мәңгі өлмейтін өмірді іздейді, сол үшін өзінің Желмаясына мініп алып, дүниенің төрт бұрышын түгел шарлайды. Бармаған жері, баспаған тауы қалмайды. Ол қайда барса да, алдынан көр, яғни мола қазып жатқан адамдар шыға береді. Олардан: «Бұл кімнің көрі?»-деп сұрайды. Бәрі де бірауыздан: «Қорқыт көрі», -деп жауап береді. Тіршіліктің тұрақсыздығына, өмірдің өтпелілігіне қарсы күресу идеясының аса күрделі философиялық мәні бар.



«Қорқыттың өмір бойы арман еткені –
өлмейтін, жасай беретін өмір іздеу, сол
үшін күресіп, өлімге қарсы тұру. Мұнда
ажалмен айқасумен бірге, құдайдың
өзімен алысудың аялғысы бірге жүреді.
Қорқыттың бұл фәлсафасы дүние
тарихында өте сирек жолығатын, адам
баласы туғызған ойдың ең жарқын
бейнесінің бірі болып суреттеледі»

Әлкей Марғұлан


Қорқыттың өлімге қарсы болған идеясы қазақтың бірнеше жазуында суреттеледі. Ол әсіресе «Қорқыт пен ажал» деген халық аңызын суреттейтін поэмада толық айтылған. Мұнда тізбектеп айтылатын аңыз сөзі былай деп басталады:

«Қорқыт қашып аңыздан,
Аңыратты қобызын.

Қобызында көп арман-
Тоқсан толғау әдемі үн.
Желмаясын желдіртіп,
Ілгері басып келеді.

Күй сарыны – сел тасқын,
Күңіrentіп келеді.

Тасы құлап жартастың,
Жаңғыртты даланы»[2,119].



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. www.wikipedia
2. Н.Келімбетов. «Ежелгі дәуір әдебиеті».
3. А.Қыраубаева. «Ежелгі дәуір әдебиеті».

